

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Инженерия факультеті**  
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

**№3 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**25.11.2022 ж.**

**Қатысқандар:**

1. ФСКЕК төрайымы – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы Қошанова Гүлназира
2. Хатшы – Ғ.А.Шукенова

**Комиссия мүшелері:**

1. Қошанова Г.Д – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

**Комиссия мүшелері:**

2. Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
3. Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
4. Садыбеков Р. – магистр оқытушы
5. Искендірова Гүлзипа - оқытушы
6. Баялы Әзімхан - аға оқытушы
7. Шукенова Ғалия – аға оқытушы
8. Ағабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
9. Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
10. Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
11. Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
12. Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
13. Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
14. Нұржан Бибісара - 6B07153- Электр энергетикасы білім алушы
15. Абдуллаева Карина – ААЖ – 011, 3-курс студенті
16. Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің орынбасары.

**Қатыспағандар: -**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау.
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.
3. Заманауи оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау.
4. Қараша айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**1. Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы Қошанова Г. сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 қосымша бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер және 8 қосымша бойынша цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтерді қарастырды. Біліктілік талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес (соңғы 10 жылда шығарылған) кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 цифрлық тасымалдағышта әдебиеттің болуы шарт (1 қосымша). Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 және 8 қосымшаға енген әдебиеттер силлабуста көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдебиеттер міндетті түрде университет кітапханасының қорында болуы керек. Цифрлық тасымалдағыштардағы әдебиеттер [www.library.yu.edu.kz](http://www.library.yu.edu.kz), <http://rmebrk.kz> электрондық ресурстардың базаларында анықталған болуы тиіс. Талдау нәтижесі бойынша жаратылыстану факультетінің білім беру бағдарламаларының пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыздандыру көрсеткіші жоғары дәрежеде (2, 8 қосымшалар).

**Шешім:** ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі жоғары дәрежеде деп танылсын.

**2. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қошанова Г.** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алды: ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау. Факультетіміздің профессор-оқытушылар құрамы сабақ өту барысында мультимедиялық оқыту технологиясы, деңгейлік-саралап оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблемалық оқыту технологиясын кеңінен қолданылады. Оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақты сапалы әрі қызықты өтуге ұмтылуда, нәтижесінде студенттердің үлгерімі жоғарылауда деп айта аламыз.

2022-2023 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша факультет ОПК үшін әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізу жоспар бойынша орындалуда. Семинар мақсаты қазіргі таңда оқытудың инновациялық әдістер мен технологияларын қашықтан оқыту жүйесіне енгізу болып табылады. Факультет ПОҚ құрамы ZOOM форматында ұйымдастырылған семинарларға қатысып, талдаулар жасап, сұрақтар қойып өзара пікір алмасты.

**Шешім:** ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендірілуі қанағаттанарлық деп танылсын.

**3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қошанова Г.** күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз алды: заманауи оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау мәселелері факультет ОӘК деңгейінде қадағалануда. Білім беру процесінде MOODLE, PLATONUS, ZOOM, Google, Яндекс, mail.ru, YOUTUBE және Қазақстанның Ұлттық ашық білім беру платформалары (mooks.kz) қолданылады.

Және де ақпараттық-ресурстық орталығының қашықтықтан білім беру мүмкіндіктері бар дерекқорлары <http://lib.ayu.edu.kz/>:

- Grebennikon электронды кітапханасын пайдалану үшін төмендегі берілген логин және құпия сөз арқылы барлық мақалалармен видеоматериалдарды тек ғана қарап оқып шығуға мүмкіндіктеріңіз бар <https://grebennikon.ru>;

- Кіру үшін (логин) start108 (пароль) OFD;

- РЖОЭК (Республикалық ЖОО аралық Электронды кітапхана) оқулықтарын “Вконтакте”, “Инстаграм” әлуметтік желілерінен <http://rmebrk.kz/social/login> сілтемесі арқылы алуға болады.

- Қазақстандық Ұлттық электронды кітапханасы: <http://kazneb.kz/>.

Университет кітапханасының электронды ресурстары  
Университеттің электронды ресурстары <http://library.ayu.edu.kz/>;

- Электронды каталог <http://irbis.ayu.edu.kz/> да қолданыста.

2022-2023 оқу жылына контент жүктеу [tng.ayu.edu.kz](http://tng.ayu.edu.kz) платформасында келесі бейнероликтер бойынша жасалынды:

Силлабус тақырыптарына сәйкес тақырыптарды жүктеу; Дәрістерді жүктеу; Практикалық сабақтар материалдарын жүктеу; Тесттер жүктеу; БӨЖ тақырыптарын жүктеу материалдарын қамтиды.

Заманауи оқыту технологияларын қолдана отырып, аралық (емтихан сессиясын) және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесіне сәйкес жүргізіледі. Әр аптада [tng.ayu.edu.kz](http://tng.ayu.edu.kz) платформасы жүйесінде профессор-оқытушы құрамы жүктелген пәндерден лекция, практикалық, зертханалық жұмыстар бойынша студенттердің білімдері бағаланып отырады. Факультет бойынша білім беру бағдарламаларының анықталған пәндерінен емтихан түрлері айқындалған. Кафедра мәжілісі отырысында емтихан материалдары (билеттер, тапсырмалар, кейстер) бекітіліп, ОПК [tng.ayu.edu.kz](http://tng.ayu.edu.kz) жүйесіне орналастырады. Бұл ретте кешенді емтихандар үшін университеттің тіркеуші офис емтихан материалдары (билеттер, тапсырмалар, кейстер) орналастырылатын жеке курс ашады. Басқа пәндер үшін емтихан материалдары (билеттер, тапсырмалар, кейстер) ОПК өз курстарында орналастырылады.

**Шешім:** Заманауи оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:

Мәжіліс хатшысы:

*Қошанова*  
*Шукенова*

Г.Қошанова

Ғ.Шукенова